

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 қараша N 1446

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облысында орналасқан N 5 әскери қалашықтың мүліктік кешені

(үйлер мен ғимараттар) Алматы облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Алматы облысы әкімімен келісім бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген мүлік кешенін беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.